

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығындағы Қазақстан Республикасына бекітілген квотаға сәйкес лауазымға кандидатураны ұсыну туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1311 Қаулысы

"Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының хатшылығындағы квоталық лауазымдардың саны, оларды бөлу және құрылымы туралы" Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің 2008 жылғы 5 қыркүйектегі шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасына бекітілген квотаға сәйкес Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы хатшылығының Саяси ынтымақтастық басқармасының бастығы лауазымына Сыткин Виктор Андреевичтің кандидатурасын бекітуге ұсыну туралы ұсынысы мақұлданды.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов